

C. ЖОЛДАСБАЕВ

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫң АУМАҒЫН СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР (XIV–XYII ғғ.)

Қазақ жеріндегі Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеу мәселесі археологтардың күн тәртібіндегі басты проблемасының бірі. Бұл мәселе көнеш дәүірінің яғни XX ғ. 70-жылдарында қолға алын-ған еді. Ол Отырар қаласына археологиялық зерттеу жұмыстарының басталуына байланысты Оңтүстік Қазақстан комплекстік археологиялық экспедициясының құрылуы (ОҚҚАӘ) оның құрамында «Отырар қаласын суландыру жүйесін» тексеру бөлімі құрылғып, қаланың сүмен қалай қамтамасыз етілуі және оның аумағында егін шаруашылығының қандай дәрежеде болғандығы тексерілген еді. Бұл жұмыс ойдағыдан әяқталып, бөлімнің жетекшісі болған В. А. Грошев өзінің жай ізденушілік жұмысынан бастап, докторлық диссертациялық жұмысына дейін жеткізіп, Отырардың суландыру жүйесінен ғылыми монографияға дейін шығарған.¹ Міне, бұл жағдай ортағасырлық қалалардың суландыру жүйелерінің өз кезінде қандай маңызды ролінің болғандығын көрсетіп отыр. Ал мұны тексерудің бүгінгі күн-дегі өскелен талапқа да қажеттілігін көрсетуде.

Отырарға қазба жұмысының басталуын ал-ғаш ғылыми жоба жасап оны ұзақ жылдарға бағдарламасын жасаған халқымыздың тұнғыш маман археологи, тарих ғылымдарының докторы К. А. Ақышев еді. Ол өздерінің «Көне Отырар» кітабының кіріспесінде ортағасырлық қалаларды суландырудың барысында, жалпы халқымыздың Оңтүстік аймакта экономикасының, мәдениетінің дамуында Сырдарияның ролінің қандай зор болғандығын, Ніл өзенінің Египтегі ролімен бірдей болғандығын атап өткен.²

Галымның Сырдарияны Нілге теңеуі шын мәнінде оның біздің халқымыздың өсіп дамуына тигізген тарихи маңызының адам айтып жеткіз-гісіз орасан болғандығын көреміз. Ендігі егемен-дігін алған еліміз сырдың сүйн өздерінің иглігіне ойда-

ғыдай жаратады деп сенеміз. Ылайым солай болса екен.

Сырдың сүйн ортағасырға дейінгі оның жағалауында өмір сүрген арғы ата-бабаларымыз сақ, үйсін, қанлы тайпаларының да өмір сүруіне нәрін берген. Олардың біртіндеп өркендеп ортағасырлық дәрежеге қөтеріліп, бүгінгі халқымыздың халық болып қалыптасуына зор эсерін тигізген. Біз сол ұзақ тарихи жолдардың қалай болғандығын біліп отырсақ, Сырдың сүйн қастерлеп оны жөнсіз ысырапқа ұшыратпай пайдаланамыз.

Сырдың сүйн оның екі жағасында орналасқан Отырар және оның серіктес қалалары Алтын төбе, Құйрық төбе, Пышақшы төбе, Богтай төбе, Оқсыз, Абыз төбе сияқты тағы басқа төбе болып қалған қалалар пайдаланса, оның орта және тө-менгі ағымындағы Сауран, Сығанақ, Женд, Баршынкенд т.б. көптеген қалаларда пайдаланған. Біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз Сығанақ қаласының суландыру жүйесінің қандай дәрежеде дамығандығына көніл бөлту болып отыр. Өйткені ортағасырлық қалалардың ішінде көрнекті қалалардың бірі Сығанақ қаласы болып табылады. Бұл қаланың атақты қалалардың бірі екендігін К.А.Ақышев та айтқан. Оның айтуы бойынша ортағасырлық қалалардың ішінде № 1 қала Отырар болса, № 2 қала ол Сығанақ дей келіп, ендігі ұзақ жылдарға зерттеу жұмысын осы қалаға жүргізу керек деп жазады.³

Қалаға 2003 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турікуни-верситетінің жанынан құрылған Сығанақ археологиялық экспедициясы (САӘ) ғылыми-зерттеу жұмысын бастаған. Ол туралы баспасөз бестерінде ғылыми мақалалар да жарияланған.⁴ Жұмыс жалғастырылуда.

Ал біз мақалада қаланың суландыру жүйесіне көніл бөлуді қарастырып отырмыз. Бұл мәселеге көніл бөліп отырсақ, әртүрлі пікірлер мен көзқарастар болған тәрізді. Сондыктан оларды дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу үшін жазба деректермен са-

¹ Грошев В.А. Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алматы, 1985.

² Ақиев К.А., Байтаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отар. Алматы, 1972.

³ Ақиев К.А., Байтаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отар. Алматы, 1972. 207-б.

⁴ Жолдасбаев С. Перспективы охраны и изучения средневекового городища Сыганак // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдараламасы бойынша 2005 жылы, Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. 254-257-бб.

лыстыра отырып оларды далалық зерттеуге дейін қарастыруды жөн көрдік.

Бірінші басты көніл бөлестін мәселе Сығанақ қаласының «Төмен арықтан» алынған сұзы ар-қылы суландырғаны туралы XYI ғ. басындағы жазба деректердегі Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы болған Фазлаллах ибн Рузбиханнның жазуында кездеседі. Ол Сығанақ қаласының түрган жерінің адам өмір сүруіне лайықтылығын және орта ғасырлық қалалардың ішінде терістік жаққа орналасқан Дешті Қыпшақпен сауда байланысының күшті екендігін, қыпшақтардың астанасы болғандығын айта келіп қалаға судың Сейхун (Сырдария) дариясынан тартылған арық (Төменарық С. Ж.) арқылы алатындығын жазып қала және оның аймағындағы түрғындардың егін шаруашылығымен айналысқандарын хабарлайды⁵.

Әрине Рузбихан Сейхуннан тартылған арықтың Төмен арық екендігіне көніл бөлмеген. Бірақ-та арықтың аты сол кезде белгілі болған, ол яғни «Төмен арық па» жок әлде «Тұман арық» болды ма сонда аталғандығына ешбір күмән болуы мүмкін емес. Бұлай дейтін себебіміз XYI ғ. жазылған жазба деректерде бұл арықтың «Тұман арық» деген хабарды кездестіреміз.⁶

Бұл хабарда Әмір Темірдің Сығанақ қаласының көрнекті ислам дінінің уағызыдаушы өкілі Шейх Сирадж-ад-динаға «Тұман арықтың» бойы-нан бір тәбе (участок) жер беруге өкім шығарған.

Бұл мезгілде Сығанақ қаласының Әмір Темірдің карамағында болғандығын байқатады. Сонымен қатар бұл кезде Әмір Темір өзіне опасыздық жасаған Тоқтамыс ханды қуғындан жүрген. Ол туралы тарихта жеткілікті жазылған.

Екіншіден «Тұман арық» деген сөзді XIX ғ. аяғына қалада болған Түркістан аймағының өлкетанушысы Е. Т. Смирнов өзінің «Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы ескерткіштері» атты еңбегінде Сығанақ қаласының және оның аумағының Сырдариядан тартылған «Тюмень-арық» арқылы алынатын сумен суландырылғанын жазып қал-

дырған.⁷

Смирновтың макаласын пайдаланып 1899 жылды Перовск уезінің басшысы В. А. Каллаур Сығанақ қаласына біраз зерттеу жұмысын жүргізген. Ол өзінің ғылыми макаласында Сығанақ қаласының және Асанас т.б. қалалардың топографиялық құрылышы жайлы мәліметтер жариялады. Галымның басты істеген қызметі Сығанақтың жалпы көрініс сыйбасын және қаланың шығыс қақпасының алдындағы 120 м жердегі мешітпен сағананың құрылыш жүйесінің жобасын жасаған. Каллаур да Төмен арық туралы хабар береді.

Бірақ ол арықты Арыс өзенінен алған деп қателеседі. Арықты қазуға он мың адам қатынасқан сондықтан Тюмен (Түмен – С. Ж.) арық деп аталған дейді.⁸

Тұрікше әскери он мыңдық адамды басқару «түмен» деп аталған. Сондықтан да орыс ғалымдары «Түмен» сөзіндегі «у» әрпін «ю» мен шатастырып тюмень деп жазып жүрген. Ал қазірге кезде қазақша «Төмен арық» болып аталып жүр.

Қаллаурдың бұл арықтың Арыс өзенінен тартылған деп айтудына өзінше анықтама береді. Ол кезде Сырдарияның ескі арнаса «Ешкі өлмес» қамалының жанынан Қызылқұм арқылы аккан дейді. Ол арна бүгінгі күні Өгіз жылғасы деп аталады. Ал ескі арнада көптеген тәбе болып жат-қан қалалар орналасқан дейді.⁹ Алайда ғалымдар мұны макұл көрмейді. Бұл пікір археологиялық жағынан зерттеуді қажет етеді.

Енді бүгінгі «Төмен арық» деп аталып жүрген арықтың Әмір Темірдің «Тұман арықтан» берген жер үлесіне байланысты «Тұман» деген тайпаның түркі тайпалардың арасында болғандығы олардың осы Сырдың орталық ағысында Әмір сүрген-діктері туралы пікірге тоқталып етеділік. Өйткені бұл арықты сол тумандықтар қазып солардың атымен аталауды ма дегенетуындағы XY–XYII ғғ. Қазақ хандығы жайлыш жазба деректерде «тұман» тайпасы туралы үш жерде кездеседі. Бірінші деректе «из группы туман» десе, екінші «из племени тубай туман» Дағвиш-ба-

⁵ Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман наме ий Бухара. Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой / Под ред. А. К. Арендса. М., 1976. 116-б.

⁶ Материалы по истории казахских ханств XY–XYII вв. Алматы, 1969. 317-б.

⁷ Смирнов Е.Т. Древности на среднем и нижнем течении р.Сырдарьи // Протоколы Турк. кружка любит. Археология. 1897 (1896–1897). 2 протокол от 17.II.1897. С. 1-14.

⁸ Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашинас или Эшинас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз ханом в 1219 г. // Протоколы Турк. кружка любит. Археология. 1900 (1899–1900). 5, протокол №1 от 7.II.1900. С. 9-11.

⁹ Көрсетілген автор. 9б. сілтеме.

хадұр қазақтардың Шайбани ханға қарсы тұрушулыар болған.¹⁰ Ал үшінші деректер «из племени людей туман Қы-лыш-бахадұр» Әбліхайыр ханға қарсы күрестегі тайпалардың қатарында жүрген.¹¹ Деректерге қарағанда уақыға Сығанақ қаласының аумағында болған. Ал ортағасыр тарихының білкті маманды Т. И. Сұлтановтың хабарына қарағанда Арап бойындағы тайпалардың ішінде Әбліхайыр ханның хан болып көтерілуіне жақтас болған 54-тайпаның тізімінің ішінде 42-ші болып «тубай-туман» болып тұрса, ал 43-ші тізімде «туман», ал 44-ші тізімде «туман-минг» болып жазылған.¹²

Бұған қарағанда «туман» тайпасының үш рудан тұрғанын байқау қыын емес. Бұл тайпалардың барлығы Сығанақтың аймағында болған. «Шайбани хан» шежіресінде,¹³ Әбліхайыр хан қаза болғаннан кейін тайпалардың ыдырап Қылыш-бахадурдың қазақ хандығы жағына шыққандығын көрсетеді.

Келтіріліп отырған жазба деректерге қарағанда Төмен арық емес тұмандықтар қазған «тұман арығы» болуы әбден ықтимал.

Орыс деректерінде Сығанақ қаласының Сырданияның бірде сол жағында тұрғандығы көрсетілсе, екінші бір деректе он жағында екендігі жазылған. Мұның біріншісі XYI ғ. ортасында жазылған¹⁴, ал екінші деректе қала Сырдың он жағында тұрғандығын орыстың тұнғыш картографы 1701 жылы Сібірдің сыйза кітабына кіргіз-ген. Онда қаланың тұрған жері де көрсетілген.¹⁵ Сондықтан да соңғы кезде қаланың Сырдың сол жағында тұрғандығын кейір зерттеушілердің қуаттап журуі шындыққа жаңаспайды.¹⁶

Сонымен катар Әбдіқадыр Асқар «Төмен-арықтың» атының шығуына өзінше пікірін қосады. Ол бұл арықтың басқа арықтарға қарағанда арықтардың ішіндегі ең үлкені, ең терені демек ең төмені де осы арық болғанын тарихи жазбалар жоққа шығармайды, сондықтан бұл арықты қазіргідей «Төменарық» деп атау әбден орынды дейді. Жерімізде қанша жергілікті атаулардың адам танымастай болып

өзгеріп кеткендерін қалпына келтіре алмай жүрміз. Сондықтан бұл арық төмен аталуы мүмкін емес, ешбір мағынаны бермейді, бұл «туманның» орынша «тюмень» аталуынан қазақшаға төмен болып алынуы. Сол себепті тарихи жазба деректерді еске-ре отырып арықтың ұмытылған тарихи атауы «Тұманарық» деп атауымыз керек.

Сығанақ қаласын оңтүстік жағынан су тартылған Тұманарықпен суландырса, солтүстік шығыс жағынан Қаратаяудан ақкан бұлақ суларымен суландырыған. Бұл туралы да қаланың қаланың көрнекті діни адамдарына берілген күәлік-терде Қаратаяудан шығатын Мынбұлақ, Шолақ, Арыстанды, Қызылтат, Келте шалғия сияқты бұлактардың суын пайдаланып жер айдалап өнім алуға хұқық берілген.¹⁷ Және бір ескертілген жағ-дай олардан ешбір алым-салық алынбауы ескер-тіліп, той-думан, діни мейрам күндері олардың жақсы дәрежеде күтілуі және ораза, айт күндері сойылып таратылатын малдың жақсы жерлері жамбас, жілік сүйектерін алуы (беру) кажет екендіктерінен толық мүмкіндік берілген. Қаланың «төменарықтан» су алатынын А. Якубовский де өзінің «Сығанақ қаласының бұзындылары» деген атакты ғылыми еңбегінде¹⁸ ерекше тоқталып кеткен.

Ол жергілікті сұнақтармен байланыс жасап, олардан Ескі Төменарықтың станциясынан су шығаратын құдығынан (водокачки) бір шақырым жерден шығып Ақтөбеге дейін жетіп, одан екіге бөлінестінін, бір тармағы Қеккесенеге қарай акса, екіншісі оңтүстік батысқа қарай Сығанаққа бағыт алатынын жазады.¹⁹ Фалым Тұманарықтан басқа қаланың аумағын суландыруға Бозғыл өзектен шығатын екінші бір үлкен арық туралы жергілікті адамдардан біледі. Ол Бозғыл өзек арығынын Бозғыл өзек көлінен шығатынын, көлге судың Сыр тасыған кезде құйылып одан арық арқылы калаға су тартылатынын жазады. Ал көл Төменарық пен Жанқарғанның арасында Көлден Сығанаққа дейін 30 верст²⁰. Алайда бұл арықта су тек Сыр тасыған кез-

¹⁰ Материалы по истории казахских ханств...көрсетілген. 16-17-бб.

¹¹ Көрсетілген еңбек. 97-б.

¹² Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XY–XYIII вв. М., 1982. 15-16-бб.

¹³ Материалы по истории казахских ханств...көрсетілген. 97-б.

¹⁴ Книга Большому Чертежу (Памятник XYII в.) / Подготовлен к печати и ред. К. Н. Сербиной. М.; Л., 1950. 229 с.

¹⁵ Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1710 г. СПб., 1882

¹⁶ Әбдіқадыр Асқар. Төменарық атауы қайдан шыққан // Сыр бойы. 2002. 9 мамыр.

¹⁷ Материалы по истории казахских ханств...көрсетілген. 313-320-бб.

¹⁸ Якубовский А.Ю. Развалины Сығанака (Сугнака). Сообщения ГАИМК. 1926. Вып. 2, С. 123-159.

¹⁹ Якубовский А.Ю. Развалины Сығанака (Сугнака). Сообщения ГАИМК. 1926. Вып. 2, С. 158.

де сәүір, мамыр, маусым айларында ғана болады. Жер суландыруға ең қажетті кез. Бұл кезде егіншілер егістіктерін жетілдіріп алады.

Сонымен қорытындылайтын болсақ Сығанақтың суландыру жүйесі Отырар қаласының суландыру жүйесіне қарағанда өте құрделі болған. Себебі Отырар Сыр мен Арыс өзендерінің қызылсында және өте жакын тұрған. Ал Сығанақ Сыр бойынан 20-30 шақырым алыс тұрған. Дегенмен зерттеушілер қаласының Сырдан қашықтығын әрқалай жазады. Бұл археологиялық зерттеу кезінде анықталады. Мұндай қашықтыққа қарамастан сығанақтықтар судың басты қорын Сырдариядан алған. Жазба деректермен ғылыми пікірлерде бұл туралы ойдағыдай пікір ту дырмайды. Екінші арықтың Сырдан қашан тартылғандығы туралы ешбір дерек айттымайды. Бұл мәселеде археологиялық жұмыс жүргізілмей анықталуы мүмкін емес. Ол үшін қаланың алғашқы тұрғындарының өмірі қашан басталды? Мұны анықтасақ, сонда арықтың қашан тартылған кезін шамамен қай мезгілде қазылғанын білуге болады. Бұғінгі таңда сез болып отырған пікірлер қалаға судың Сырдан тек соңғы ортағасырдың алғашқы кезіндегі (XIY ғ.) тартылғандығы жайлы ғана сез болып отыр.

Резюме

Статья посвящена истории орошения средневекового

городища Сыганак. Анализ имеющихся в источниках мнений позволил автору установить исконное название некоторых арыков. Выяснилось, что название «Тюменарык», оказывается было не Тюмень и не туменъ, и не төмән (на казахском языке). Его первоначальное название было «Туманарык», так как в те времена, примерно в XIY–XY вв. вокруг города Сыганак жило племя «Туманцы», которыекопали арык. Поэтому этот арык и получил свое название «Туман арык». Русские исследователи называли его «тюмень», а местные казахи «төмән» арыком.

Summary

This article is devoted to a history of an irrigation of the Medieval city of Sygnak. The analysis of opinions available in sources has allowed the author to establish the original name of few channels. Its initial name was «Tumanaryk» since in those times, approximately in XIY–XY centuries around the city of Sygnak the tribe of «Tuman» people who dug the channel – aryk were lived. Therefore this channel also has received the name «the Tuman aryk». Russian researchers named it «tyumen» , and local Kazakhs «tomen» aryk.

²⁰ Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Сүгнака). Сообщения ГАИМК. 1926. Вып. 2. С. 159.